

Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысы.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары;

2) объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 16 қазандағы № 1098 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 19-тармағы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 12 сәуірдегі
№ 234 қаулысымен
бекітілген

Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 4-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өзірленді және обьектілерді террористік түрғыдан осал обьектілерге жатқызу тәртібін айқындауды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) күзетілетін обьектілер – күзетілетін адамдардың болуына арналған ғимараттар, құрылыштар мен құрылышжайлар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзететін өзге де ғимараттар, құрылыштар мен құрылышжайлар, сондай-ақ оларға іргелес жатқан аумақ пен акватория;

2) қол жеткізу шектелген ақпарат – мемлекеттік құпияларға, жеке басының құпиясына, отбасылық, банктік, коммерциялық құпияға, медицина қызметкерінің құпиясына және (немесе) заңмен қорғалатын өзге де құпияларға жатқызылған ақпарат, қолжетімділігі шектеулі дербес деректер, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік ақпарат;

3) обьект – персоналдың ұйымдастыран жиынтығы бар ұйым (мекеме) және (немесе) ғимарат, құрылыш, ғимараттар мен құрылыштар кешені не олардың бөліктері;

3-1) обьектіні тексеру – обьектілерді террористік түрғыдан осал обьектілерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкестігі түрғысынан обьектіні зерделеу жөніндегі іс-шаралар кешені;

4) террористік түрғыдан осал обьектінің деректемелері – террористік түрғыдан осал обьектінің террористік түрғыдан осал обьектілер тізбесінің нысанымен айқындалған міндетті ақпараттық элементтері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 22.02.2024 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.04.2025 № 208 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

**2-тaraу. Объектілерді террористік түрғыдан осал обьектілерге жатқызу тәртібі 1-параграф.
Жалпы ережелер**

3. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген орган обьектілерді террористік түрғыдан осал обьектілерге жатқызу туралы шешім (бұдан әрі – шешім) қабылдаған жағдайда обьектілер террористік түрғыдан осал обьектілерге жатады.

4. Шешімді:

1) ведомстволық деңгейде:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен мекемелеріне, Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің обьектілеріне, Қазақстан

Республикасының шетелдік мекемелеріне қатысты – қарамағында осы объектілер бар мемлекеттік орган;

кузетілетін объектілерге қатысты – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі;

2) аумақтық деңгейде:

осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында орналасқан объектілерге қатысты облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі қабылдайды.

2-параграф. Ведомстволық деңгейде объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу тәртібі

5. Осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген объектілерге қатысты ведомстволық деңгейде шешім қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органды объектілерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттарына (бұдан әрі – өлшемшарттар) сәйкестігі тұрғысынан қарау және олар туралы ақпаратты талдау ұйымдастырылады.

6. Өлшемшарттарға сәйкес келетін объектілер олардың санаттарына қарай тиісті мемлекеттік органның террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне (бұдан әрі – ведомстволық тізбе) енгізілуге жатады.

7. Осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік орган объектілердің ведомстволық тізбесінің нысанын айқындауды және санаттарға бөлуді жүзеге асырады.

Объектілерді санаттарға бөлу дегеніміз – оларда терроризм актісін жасаудың ықтимал қаупінің дәрежесі мен ықтимал салдары еске отырып, объектілердің жай-күйін кешенді бағалау негізінде оларға санат беру.

Ведомстволық тізбелер толтырылғаннан кейін, егер оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялылық белгісі берілмесе, таратылуы шектелген қызметтік ақпараты бар құжаттар болып табылады және "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болады.

8. Ведомстволық тізбені тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

Террористік тұрғыдан осал Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің ведомстволық тізбесі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.

9. Ведомстволық тізбеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1) объектілер тенгерімнен шығарылған не объект тиісті мемлекеттік органның тенгеріміне қабылданған;

2) объектінің функционалдық мақсаты өзгеріп, объектінің жатқызу өлшемшартына сәйкестігінің жоғалуына әкелген не өлшемшарттардың кемінде біреуіне сәйкес келетін жаңа объектілер анықталған;

3) объектінің деректемелері өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

3-параграф. Аумақтық деңгейде объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу тәртібі

10. Аумақтық деңгейде осы Қағидалардың 4-тармағаның 2) тармақшасында көрсетілген объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу туралы шешім қабылдау үшін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі жаңындағы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) терроризмге қарсы комиссиясы (бұдан әрі – терроризмге қарсы комиссия):

1) ақпаратты қарайды және объектілердің өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан талдайды;

2) объект өлшемшарттардың біреуіне сәйкес келген кезде объектіні облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі бекітетін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне (бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу үсінады;

3) аумақтық тізбе объектісі өлшемшарттардың бірде біреуіне сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда объектіні одан шығаруды үсінады.

11. Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу туралы шешім дайындау үшін терроризмге қарсы комиссия аппаратына (бөліміне) объектілерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың террористік тұрғыдан осал объектілері тізбесіне (тізбесінен) енгізу және (немесе) одан шығару туралы өтінімдер (бұдан әрі – өтінімдер) енгізіледі.

Отінімдер ұсыныстар болған жағдайда осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылына екі рет 1 маусымнан және 1 желтоқсаннан кешіктірмей енгізіледі.

12. Орталық мемлекеттік орган, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (бұдан әрі – мемлекеттік орган) өтінімдерді өлшемшарттарға сәйкес келетін және:

1) тікелей мемлекеттік органдың, оның құрылымдық бөлімшелерінің, аумақтық органдардың, сондай-ақ олардың қарамағындағы және мемлекеттік органдың қарамағындағы өзге де органдардың, ұйымдардың, мекемелердің (бұдан әрі – ведомствоның бағынысты ұйымдар) объектілері болып табылатын (егер осы объектілер орналасқан ғимараттар, құрылыштар, ғимараттар мен құрылыштар кешендері (бұдан әрі – орналасқан жер) мемлекеттік органдың, оның құрылымдық бөлімшелері мен ведомствоның бағынысты ұйымдарының ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуінде тұрмаса, өтінімде орналасқан жерлерді пайдаланатын ұйым көрсетіледі);

2) объектілерде жұмыс істейтін ұйым (ұйымдар) көрсетіліп, мемлекеттік органның және оның ведомствоның бағынысты ұйымдарының ұйымдастыруышының және материалдық-техникалық қамтамасыз етуінде тұрған мемлекеттік органның;

3) акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысадың мемлекеттік үлестеріне иелік ету құқығы мемлекеттік органға не оның ведомствоның бағынысты ұйымдарына берілген респубикалық меншіктегі объектілер болып табылатын объектілерге қатысты енгізеді.

13. Жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері өтінімдерді өлшемшарттарға сәйкес келетін және:

1) өздерінің қарамағындағы және (немесе) қызметін осы бөлімшелер реттейтін салада жүзеге асыратын және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын;

2) акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысадың мемлекеттік үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған объектілерге қатысты енгізеді.

14. Жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері, уәкілетті мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері өтінімдерді өлшемшарттарға сәйкес келетін және қызметін осы мемлекеттік орган реттейтін салада жүзеге асыратын жеке меншік объектілерге қатысты енгізеді.

15. Терроризме қарсы комиссия өтінімдерді қарауды мүдделі тараптардың: орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұлттық кәсіпкерлер палатасының, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдардың өкілдерін тарта отырып жүзеге асырады.

16. Терроризме қарсы комиссия террористік тұрғыдан осал объектілер тізбелерін әзірлеу, бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар дайындаған кезде, қажет болса:

1) өтінімдерге сәйкес объектілер туралы қосымша ақпарат сұрата алады;

2) өтінім жоқ объектілерде олардың өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізе алады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16-1. Объектіні тексеруді терроризме қарсы комиссия аппараты (бөлімі) ұйымдастырады.

Объектіні тексеру жөніндегі комиссия құрамына тексерілетін объектінің мақсатына орай мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, атқарушы органдардың, ұйымдардың (келісу бойынша) өкілдері жұмылдырылуы мүмкін.

Объектіні тексеру оның өлшемшарттарға сәйкес келетінін немесе сәйкес келмейтінін белгілеу мақсатында объектіге бару және (немесе) объект туралы ақпарат

сұрату (объектілердің меншік иелерінен, иеленушілерінен, басшыларынан не олардың өкілдерінен сұратылады) арқылы жүзеге асырылады. Тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысанда объектіні өлшемшарттарға сәйкестігі түрғысынан тексеру актісі жасалады.

Ескеरту. Қағидалар 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі аумақтық тізбені немесе оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды терроризмге қарсы комиссияның ұсынысы негізінде және аумақтық ұлттық қауіпсіздік пен ішкі істер органдарымен келісу бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітеді.

18. Аумақтық тізбе бекітілген не оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі отыз жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде аумақтық тізбеге енгізілген (аумақтық тізбеден алып тасталған) объектілердің меншік иелеріне (иеленушілеріне), объектілердің басшыларына не олардың уәкілетті тұлғаларына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама жіберуді қамтамасыз етеді.

19. Аумақтық тізбеге енгізілген объектілердің меншік иелері (иелері), басшылары отыз жұмыс күні ішінде терроризмге қарсы комиссия аппаратына (бөліміне) объектінің меншік құқығына, объектінің басшылары мен атауына, оның заңды және нақты мекенжайына қатысты өзгерістер енгізілгені, сондай-ақ объектіні пайдаланудың тоқтатылғаны және (немесе) объектінің функционалдық мақсатының өзгеріп, өлшемшарттарға сәйкестігінің жоғалуына әкелгені туралы хабарлайды.

20. Аумақтық тізбелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1) террористік түрғыдан осал объектілерді пайдаланудың тоқтатылуына не пайдалануға берілуіне;

2) объектінің функционалдық мақсатының өзгеріп, объектіні жатқызу өлшемшарттарына сәйкестігінің жоғалуына не өлшемшарттардың кемінде біреуіне сәйкес келетін жаңа объектілердің анықталуына;

3) объекті деректемелерінің өзгеруіне байланысты жүзеге асырылады.

Объектілерді террористік
түрғыдан осал объектілерге
жатқызу қағидаларына
1-қосымша

Объектіні (объектілерді) _____ (облысының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) террористік түрғыдан осал объектілер тізбесіне (тізбесінен) қосу және (немесе) шығару туралы өтінімі

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. "Аумақтық тізбеке қосу ұсынылатын объектілер туралы ақпарат" бөлімі (қажетіне қарай толтырылады)

_____ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келетін объектілер орналасқан:

P/c №	Заңды тұлғаның мекенжайы (орналасқан жері (заңды және нақты мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе объектінің атапу толық және қысқартылған (бар болса), үйымдық-құқықтық нысаны	Заңды тұлғаның мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе объектінің атапу толық және қысқартылған (бар болса), үйымдық-құқықтық нысаны	Байланыс деректері (объектінің, оның басшылығының Ведомство лық тиесілігі (мемлекет меншігіндегі объектілер үшін) немесе салалық тиесілігі (же ке меншіктегі объектілер үшін) туралы ақпарат	Байланыс деректері (объектінің, оның басшылығының электрондық пошта жәшігінің ресми мекенжайы, ұлды телефонда рдың, қалалық телефон желісі телефонда рының нөмірлері)	Ескертпе (объектінің ерекшелігі, оның ішінде адамдар көп жиналатын объектілер үшін объектінің сыйымдылығы, объекті (бар болса), басқа)

Объектіні террористік түркізілген осал объектілерге жатқызуға негіз болған өлшемшарт

2. "Аумақтық тізбеден шығару ұсынылатын объектілер туралы ақпарат" бөлімі (қажетіне қарай толтырылады)

облысы (респубикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында аумақтық тізбеден шығару ұсынылатын объектілер орналасқан:

P/c №	Объектінің атауы (толькі және қысқартылған (бар болса), ұйымдық-құқықтық нысаны	Занды тұлғаның мекенжайы (орналасқан жері (занды және нақты мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) немесе объектінің жеке сәйкестендіру нөмірі) немесе занды негізде объектіге иелік ететін жеке тұлғаның, оның ішінде дара көспікердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері	Объектінің меншік иесі, баланс ұстаушы туралы ақпарат	Байланыс деректері (объектінің, оның басшылығының электрондық пошта жәшігінің ресми мекенжайы, ұялы телефондардың, қалалық телефон желісі телефондарының нөмірлері)	Шығару себебі (объектіні пайдалануды тоқтату және (немесе) объектінің функционалдық мақсатының өзгеріп, оның өлшемшарттарға сәйкестігінің жоғалуына әкелуі, басқалар)
Объектіні террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызуға негіз болған өлшемшарт					
1					
..					

Объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидаларына
1-1-қосымша

(объект атауы) террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызуға оның сәйкестігі түрғысынан объектіні тексеру актісі

Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

мекенжайында (нақты мекенжайын көрсету) орналасқан объектісі (объектінің толькі және қысқартылған атауы)
Казақстан

Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттарына (бұдан әрі – өлшемшарттар) сәйкестігі түрғысынан тексерілді.

Тексеру барысында _____

(облысының, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) облыс (респубикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық

маңызы бар қала) әкімдігі жаңындағы терроризмге қарсы комиссияның мына құрамындағы өкілдері: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

объект: _____

_____ (өлшемшартқа сәйкес объектіні террористік

түрғыдан осалға жатқызу туралы шешім қабылдау үшін маңызы бар ерекшелігі көрсетіледі: қарамағында объект бар мемлекеттік органның атауы (мемлекеттік объектілер үшін); қызмет саласы (қажет болса); объект алаңы; сыйымдылығы және басқа) анықтады.

Комиссия мүшелері:

_____ (қолы) _____ Т.А.Ә. (бар болса)
_____ (қолы) _____ Т.А.Ә. (бар болса)
_____ (қолы) _____ Т.А.Ә. (бар болса)
_____ (қолы) _____ Т.А.Ә. (бар болса)

жылғы " " (тексеру жүргізілген күн).

Объектінің меншік иесі, иеленушісі немесе оның заңды өкілі:

_____ (қолы) _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Объектілерді террористік

түрғыдан осал объектілерге

жатқызу қағидаларына

2-қосымша

_____ (облыстың, респубикалық маңызы
бар қаланың, астананың) террористік түрғыдан осал объектілерінің тізбесі¹

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

P/c №				Мемлекеттік органға	Ескертпе (объекті тобы (бар болса) адамдар көп жиналатын
-------	--	--	--	---------------------	--

Объектінің атауы (занды/ жеке тұлғалар)	Объектінің заңды мекенжайы	Объектінің нақты мекенжайы	ведомстволық / салалық тиесілігі (бар болса)	объектілер үшін сыйымдылығы және басқалары)
1	2	3	4	5
1. Аса маңызды мемлекеттік объектілер				
Жатқызылу өлшемшарттары				
1				
2				
1-бөлім бойынша барлық объектілер саны _____.				
2. Стратегиялық объектілер, стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері				
Жатқызылу өлшемшарттары				
3				
4				
2-бөлім бойынша барлық объектілер саны _____.				
3. Қауіпті өндірістік объектілер				
Жатқызылу өлшемшарттары				
3-бөлім бойынша барлық объектілер саны _____.				
4. Адамдар көп жиналатын объектілер				
Жатқызылу өлшемшарттары				
4-бөлім бойынша барлық объектілер саны _____.				
Объектілердің жалпы саны _____.				

¹ Тізбе қосымшага сәйкес кесте нысанында мемлекеттік тілде және орыс тілінде бекітіледі. Террористік түрғыдан осал объектілердің аумақтық тізбесінің нөмірленуі тізбе шегінде рет-ретімен болуға тиіс.

Ескертпе:

1. Объектілер террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызылған кезде:

1) құқық иесі объектілерді пайдаланатын бір орган немесе үйым болып табылатын, бір немесе бірнеше аумақтық байланысқан аландарда орналасқан объектілер тізбеге бір объект ретінде енгізілуге тиіс;

2) құқық иеленушілері объектілерді пайдаланатын әртүрлі органдар немесе үйымдар болып табылатын, бір немесе бірнеше аумақтық байланысқан аландарда орналасқан объектілер тізбеге жеке объектілер ретінде енгізілуге тиіс;

3) құқық иесі бір орган немесе үйым не объектілерді пайдаланатын тұлға болып табылатын, аумақтық түрғыдан қашық және (немесе) технологиялық және техникалық жағынан өзара байланысты емес аландарда орналасқан объектілер тізбеге жеке объектілер ретінде енгізілуге тиіс;

4) егер үйым өлшемшартқа сәйкес келсе және бұл ретте пайдаланылатын объектінің меншік иесі немесе өзге де занды құқық иеленушісі болып табылmasa, онда үйым және

пайдаланылатын объект (оның орналасқан жері) террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбесіне бір объект ретінде енгізіледі.

2. Террористік тұрғыдан осал объектілердің тізбелері толтырылғаннан кейін, егер оларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялылық белгісі берілмесе, таратылуы шектелген қызметтік ақпараты бар құжаттар болып табылады және "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болады.

3. Аумақтық тізбе бекітілгеннен, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық органдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне құқықтық актінің бір-бір данасы жіберіледі;

2) тиісті үзінді берілген өтінімдерге сәйкес орталық мемлекеттік органдарға, олардың аумақтық бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне жіберіледі.

4. Объектінің тобы қарамағында объект бар не қызмет саласында объект қызмет ететін мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітетін ведомстволық/салалық Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес көрсетіледі.

Объектілерді террористік
тұрғыдан осал объектілерге
жатқызу қағидаларына
3-қосымша

Нысан

_____ облысының (респубикалық маңызы бар қаланың, астананың) террористік тұрғыдан осал объектілеріне жатқызу тізбесіне (тізбесінен) объектінің енгізу (немесе) одан шығару туралы хабарлама

- 1) объектінің атауы _____;
- 2) объектінің енгізу (объектінің өлшемшарттарға сәйкестігі (сәйкес еместігі), басқалары) не алып тастау үшін негіз болған фактілер _____;
_____;
- 3) объектінің аумақтық тізбеле (тізбеден) енгізу (шығару) туралы облыс, респубикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі қаулысының нөмірі мен күні _____;
_____;
- 4) терроризмге қарсы комиссия аппаратының (бөлімінің) өкілі _____ (қолы) (Т.А.Ә. (бар болса)

Ескертпе: хабарлама алғаны туралы белгі қойғызылып, қолма-қол немесе хабарламасы бар тапсырыс хат арқылы поштамен жолданады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 12 сәуірдегі
№ 234 қаулысымен
бекітілген

Объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттары 1-тaraу.

Жалпы ережелер

1. Осы өлшемшарттардың мақсаттары үшін мынадай негізгі үғымдар пайдаланылады:

1) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар – белгілі бір жағдайларда және белгілі бір концентрацияда адамның немесе болашақ ұрпақтың денсаулығына зиянды әсер етуі мүмкін, қолданылуы мен пайдаланылуы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және гигиеналық нормативтермен регламенттелетін заттар;

2) есептік алаң – онда орналасатын барлық үй-жайлар алаңының жиыны, бұған дәліздер, тамбурлар, өтпелер, саты өткелдері, лифт шахталары, ішкі ашиқ сатылар, сондай-ақ инженерлік жабдықтар мен инженерлік желілерді орналастыруға арналған үй-жайлар кірмейді;

3) көпшілікке арналған құрлысжайлар – адамдардың болуына және (немесе) олардың әртүрлі сұранысын қанағаттандыруға арналған әрі тізбесі жеке-дара айқындалмаған тұлғалар еркін кіріп-шыға алатын ғимараттар, құрылыштар, үй-жайлар не олардың бөліктегі;

4) мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымының объектілері – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру мен сақтауды жүзеге асыратын занды тұлғаның объектілері;

5) сауда алаңы – сауда объектісінің тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және тауарлар сатқан кезде сатып алушылармен ақшалай есеп айырысуға, сатып алушылардың өтуіне арналған арнайы жабдық қойылған алаңы;

6) спорттық атыс бойынша спорт клубтары – жабық (жабылған) тирлер, жартылай ашиқ тирлер, ашиқ тирлер (атыс орындары), стендтер.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Террористік түрғыдан осал аса маңызды мемлекеттік объектілерге мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін объектілер жатады:

1) арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының объектілерін қоспағанда, орталық атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей

бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволарының объектілері; шешілетін міндеттердің маңызына қарай өздері бағынысты органның негізделген ұсынысы (өтінімі) бойынша олардың құрылымдық және өніраалық, облыстық, аудандық маңызы бар, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық бөлімшелерінің объектілері;

2) сот жүйесі органдарының, олардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің объектілері;

3) арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарының, олардың ведомстволарының, құрылымдық, аумақтық бөлімшелерінің, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің объектілері;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілері;

5) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ведомстволық тізбесіне сәйкес);

6) облыстың, ауданың, қаланың, облыстық және республикалық маңызы бар қаладағы ауданың, астананың жергілікті өкілдік және атқарушы органдарының объектілері;

7) өзге де мемлекеттік маңызы бар объектілер.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Террористік түрғыдан осал стратегиялық объектілерге, стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілеріне мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін объектілер жатады:

1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдері мен мекемелері;

2) мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымының объектілері;

3) тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері: жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйымдарды тауарлық газben қамтамасыз ететін және осы тармақшаның өлшемшарттарына сай келетін газ бөлу станциялары; электр (50 МВт жоғары) және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдар, орталықтандырылған жылумен жабдықтау (100 Гкал жоғары) (жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, ЖЭО, МАЭС, ГЭС, ГТЭС, ЖЭС және қазандықтар) аймағында жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын қазандықтар, жүйелік оператордың 220 кВ және одан жоғары кіші станциялары; ауызсумен жабдықтау объектілері – саны 5000 (бес мың) адамнан асатын су тұтынушыларға ауызсу беруді қамтамасыз ететін су тарту құрылыштары;

4) көлік инфрақұрылымының объектілері ("кластан тыс", "1", "2" және "3" класты теміржол вокзалдары, халықаралық рейстер жасайтын кемелерге қызмет көрсететін

теңіз порттары, әуежайлар (әуеайлақтар), аэронавигациялық қызмет көрсетушілердің объектілері);

5) қирауы (қызметінің бұзылуы) жаһандық, өңірлік немесе жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларға әкеп соғуы мүмкін су шаруашылығы объектілері (гидротехникалық құрылыштар – су ресурстарын басқару үшін пайдаланылатын гидротораптар, шлюздер, бөгеттер, су алу құрлысжайлары);

6) мұнайды және (немесе) газды қайта өндіру, ыдыста мұнайды және (немесе) газды сақтау жүзеге асырылатын, уран өндіру және қайта өндіру жүзеге асырылатын объектілер; химия өнеркәсібі саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілер;

7) корғаныс өнеркәсібінің объектілері;

8) байланыс, телекоммуникация, телерадио хабарларын тарату объектілері (Ұлттық жерсеріктік телерадио хабарларын тарату дирекциясының техникалық орталықтары, облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан радиотелевизиялық станциялар);

8-1) жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілері;

9) жүйе құрушы кәсіпорынға жататын металлургия өнеркәсібі ұйымдары;

10) атом энергиясын пайдалану объектілері.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2024 № 933 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Террористік тұрғыдан осал қауіпті өндірістік объектілерге мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін объектілер жатады:

1) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға қатысатын объектілер;

2) жарылғыш заттарды, уытты және аса уытты заттарды сақтау объектілері.

5. Адамдар көп жиналатын террористік тұрғыдан осал объектілерге мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін объектілер жатады:

1) сауда алаңы 500 (бес жұз) шаршы метр және одан көп сауда объектілері. Сауда алаңына қарамай аумағында қару-жарақ пен оқ-дәрі саудасы жүзеге асырылатын объектілер;

2) келушілерге қызмет көрсетуге арналған залдардың жиынтық алаңы 500 (бес жұз) шаршы метр және одан көп қоғамдық тамақтандыру объектілері;

3) бір мезгілде 200 (екі жұз) және одан көп адам болуға² (сыйымдылығы) есептелген мәдениет ұйымдарының объектілері (театрлар; концерт залдары; цирктер; кітапханалар; мәдени-демалыс ұйымдары; кинематографиялық ұйымдар (қызметінің негізгі түрі кинозалда жүзеге асырылатын фильм көрсету болып табылады), музейлер, көркемсүрет галереялары (салондар); студиялар; шеберханалар; мәдени-тариҳи

орталықтар; мәдениет саласындағы зерттеулер орталықтары (зерттеу институттары); мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да мәдениет ұйымдары);

4) бір уақытта 500 (бес жұз) және одан көп адам болады (сыяды) деп есептелген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрлысжайлары. Сыйымдылығына қарамай спорттық атыс бойынша спорт клубтары;

5) бір мезгілде 200 (екі жұз) және одан көп адамның болуына (сыыймдылығына) есептелген өзге де ойын-сауық құрылыштары;

6) білім алушылар мен персоналдың нақты саны 100 (бір жұз) және одан көп білім беру ұйымдары (мектепке дейінгі ұйымдар; жалпы білім беретін мектептер (гимназиялар, лицейлер); орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары; мамандандырылған білім беру ұйымдары; арнайы білім беру ұйымдары; жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары объектілері;

7) бір аудиосымда 200 (екі жұз) және одан көп келушілерге есептелген денсаулық сақтау объектілері 200 (екі жұз) төсекке және одан көп төсекке есептелген, стационарлық көмек көрсететін ұйымдар (егер олар өзге өлшемшарттарға сәйкес келмесе, ведомствоның денсаулық сақтау объектілері);

8) бір мезгілде 200 (екі жұз) және одан көп адамның болуына (сыыймдылығына) есептелген туристерді орналастыру орындары (қонақ үйлер, отельдер, мотельдер, туристік базалар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы және оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да ғимараттар мен құрылыштар);

9) бір мезгілде 200 (екі жұз) және одан көп адамның болуына (сыыймдылығына) есептелген өзге де бұқаралық ғимараттар (оның ішінде ғибадат үйлері (ғимараттары), мемлекеттік органдар мен олардың ведомствоның бағынысты ұйымдары, мемлекеттік қызметтер, пошта желісінің қызметтері және байланыс қызметтерін пайдаланушыларға қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғалардың объектілері, екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімшелері);

10) бір мезгілде 200 (екі жұз) және одан көп адамның болуына (сыыймдылығына) есептелген көлік инфрақұрылымы объектілері (автовокзалдар, станциялар).

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 23.05.2024 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Террористік тұрғыдан осал құзетілетін объектілерге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметінің бастығы бекітетін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметі құзететін объектілердің тізбесіне сәйкес объектілер жатады.

² Бұл жерде және бұдан әрі объектілердегі құқық белгілейтін құжаттарда сыйымдылық көрсеткіші болмаған жағдайда, объектіге келетін адамдардың ықтималдық мөлшерінің есебі қызметтік үй-жайларды қоспағанда, объект есептік алаңынан бір адамға $1,5 \text{ м}^2$ есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК